

Польша Республикасы Үкіметі және Қазақстан Республикасы Үкіметі арасындағы қосарланған салық салуды жою және табыс пен капиталдан салық төлеуден жалтаруды болдырмау туралы

К О Н В Е Н Ц И Я

Польша Республикасы Үкіметі және Қазақстан Республикасы Үкіметі екі Мемлекет арасында экономикалық, ғылыми, техникалық және мәдени байланыстарды нығайту мен дамыту ұмтылысын басшылыққа ала отырып және қосарланған салық салуды жою және табыс пен капиталдан салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Конвенция жасау ниетімен мына мәселелер туралы уағдаласты.

1- бап

Конвенция қолданылатын жақтар

Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де резидент- жақтарына және бұл Конвенциямен көзделсе, басқа жақтарға да қолданылады.

2-бап.

Конвенция қолданылатын салықтар

1. Осы Конвенция салық алу тәсілдеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекет немесе оның әкімшілік бөлімшелері немесе жергілікті өкімет орындары табыс пен капиталдан алатын салықтарға

қолданылады.

2. Қозғалмалы немесе қозғалмайтын мүлікті шеттетудегі табыстан алынытын салықтарды, кәсіпорындар төлейтін ырзықтар мен жалақылардың жалпы мөлшерінен алынатын салықтарды, сондай-ақ капитал өсіміндегі табыстардан алынатын салықтарды қосқанда, табыстың жалпы мөлшерінен, капиталдың жалпы мөлшерінен, табыстың немесе капиталдың жекелеген элементтерінен алынатын салықтың барлық түрі табыс пен капиталдан алынатын салықтар есептеледі.

3. Атап айтқанда, Конвенция қолданылып жүрген салықтар мыналар:

а/ Польша Республикасында:

/i/ заңды жақтардан алынатын табыс салығы;

/ii/ жеке адамдардан алынатын табыс салығы;

/бұдан әрі "Польша салығы" ретінде аталатындар/

б/ Қазақстан Республикасында;

/I/ кәсіпорындардың пайдасы мен табысынан алынатын салық;

/II/ жеке адамдардың табысынан алынатын салық;

/III/ жеке адамдардың мүлкінен алынатын салық;

/бұдан әрі "Қазақстан салықтары"ретінде ата-
латындар/

4. Конвенция оған қол қойылған мерзімнен кейін, сондай-ақ алынып жүрген салықтарға қосымша немесе солардың орнына алынатын кез-келген ұқсас немесе іс жүзіндегі осындай салықтарға қолданылады.

Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары олардың қолданылып жүрген салық заңдарындағы кез-келген елеулі өзгерістер туралы бір-біріне хабар беріп отырады.

3-бап.

Жалпы айқындамалар

1. Егер түп нұсқа текстен өзге мағына тумаса, осы Конвенцияның мақсаты үшін:

а/ термин:

/i/ "Польша"-географиялық мағынада алғанда Польша Республикасынң аумағын, соның ішінде онда, Польша заңы бойынша және халықаралық құқыққа сәйкес Польша оның теңіз түбіне, топырақ қабатына және табиғат ресурстарына қатысты егемендік құқықтары жүзеге асыруы мүмкін, оның аумақтық суларынан тысқары жатқан әрбір аумақты білдіреді.

/ii/ "Қазақстан"- Қазақстан Республикасын білдіреді. Географиялық мағынада алғанда,

"Қазақстан" терминіне халықаралық құқыққа сәйкес Қазақстан белгілі бір мақсаттар үшін егемендік құқықтарын және заңды қарамағындағыларын жүзеге асыруы мүмкін және оларда Қазақстан салықтарын реттейтін заңдар қолданылатын аумақтық сулар, сондай-ақ тек қана экономикалық аймақ пен континентальдық жиек кіреді.

б/ "Жақ"- терминіне жеке адам, компания немесе жақтардың кез-келген басқа бірлестігі кіреді.

с/ "Компания" термині салық салу мақсаттары үшін корпоративтік құрылым ретінде қарастырылатын кез-келген корпоративтік құрылымды немесе кез-келген экономикалық ұйымды білдіреді және оған, атап айтқанда, пайдаға салық салынатын акционерлік қоғам, шектеулі жауапкершілігі бар қоғам немесе кез-келген басқа заңды жақ немесе ұйым кіреді;

д/ "Уағдаласушы Мемлекет" және "басқа Уағдаласушы Мемлекет" терминдері, түпнұсқа текстіге байланысты Польшаны немесе Қазақстанды білдіреді;

/е/ "Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны" және "басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны" термині осыған сәйкес Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын және басқа уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды білдіреді;

/f/ "халықаралық тасымал" термині теңіз не-

месе әуе кемесі, темір жол және автомобиль көлігі тек қана Уағдаласушы Мемлекеттегі пункттер аралығында пайдаланылатын жағдайлардан басқа, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны пайдаланатын теңіз немесе әуе кемесімен, темір жол және автомобиль көлігімен жасалатын кез-келген тасымалды білдіреді.

/g/ "Құзырлы орган" термині:

/i/ Польшада: Қаржы министрін немесе оның өкілетті өкілін білдіреді;

/ii/ Қазақстанда: Қаржы министрлігін немесе оның өкілетті өкілін;

h/ "Ұлттық жақ"/national/-термині:

/i/ Уағдаласушы Мемлекеттің азаматтығын алған кез-келген жеке адамды;

/ii/ Уағдаласушы Мемлекеттің қолданылушы заңы негізінде өз мәртебелерін алған кез-келген заңды жақты, компанияны, серіктестікті немесе кез-келген басқа ассоциацияны білдіреді.

i/ "капитал"-термині 22-бап мақсаты үшін /капитал/ қозғалмалы және қозғалмайтын мүлікті білдіреді және оған мүлік құқын, вексельді, облигацияларды немесе басқа борыштық міндеттемелерді қуаттайтын қолма-қол ақша қаражаты, акциялар немесе басқа құжаттар, сондай-ақ патенттер, тауар белгілері, авторлық құқықтар немесе басқа осындай

құқық не мүлік кіреді.

2. Егер түпнұсқа текстен өзге мағына тума-са, Уағдаласушы Мемлекет осы Конвенцияны қолданғанда, онда айқындалмаған кез-келген термин Конвенция қолданылатын салықтарға қатысты осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары бойынша алғандағы мағынаға болады.

4- бап. Резидент

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті" термині осы Мемлекеттің заңдары бойынша онда өзінің тұратын жеріне, резиденттігіне, басқару орнына немесе құрылған орнына немесе осындай сыйпаттағы басқа кез-келген өлшем себебінен осында салық салуға жататын кез-келген жақты білдіреді.

Сондай-ақ терминге мұндай кез-келген үкімет немесе өкімет пайдаланатын Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметі, оның әкімшілік бөлімшесі немесе жергілікті өкімет орындары және қаржы институттары кіреді.

Алайда бұл терминге тек осы Мемлекеттегі табыс көздерінен алынатын табысқа қатысты немесе осындағы капиталға қатысты осы мемлекетте салық салуға жататын кез-келегн жақ кірмейді.

2.1- тармақтың ережелеріне сәйкес жеке адам Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болса, онда оның мәртебесі былайша айқындалады:

а/ Ол өзіне тиесілі тұрақты баспанасы бар Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып есептеледі; егер оның Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінде де өзіне тиесілі тұрақты баспанасы болса, ол неғұрлым тығыз жеке және экономикалық қатынастары бар Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып есептеледі / өмірлік мүдделер орталығы/;

б/ Егер оның өмірлік мүдделер орталығы бар Мемлекетті айқындау мүмкін болмаса немесе Уағдаласушы Мемлекеттердің бір де-бірінде оған тиесілі тұрақты баспана болмаса, ол өзі тұрып жатқан Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

с/ Егер ол Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінде де тұратын болса немесе олардың бірде-біреуінде тұрмаса, ол өзі азаматы болып отырған Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

д/ Егер ол Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де азаматы болса, немесе бір де-біреуінің азаматы болмаса, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары мәселені өзара келісу бойынша шешеді.

3. Егер 1-тармақтың ережелерінің себебінен жеке адамнан өзге жақ Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болса, онда Уағдаласушы Мемлекеттің құзырлы органдары мәселені өзара келісіп шешуге ұмтылады, бірақ егер құзырлы органдар мұндай келісімге келе алмаса, мұндай жақ осы Конвенцияға сәйкес жеңілдіктер алу мақсаты үшін Уағдаласушы Мемлекеттердің бір де-біреуінің резиде-

денті болып есептелмейді.

5- бап.

Тұрақты мекеме

1. Осы Конвенцияның мақсаты үшін "тұрақты мекеме" термині тұрақты қызмет орнын білдіреді. Ол арқылы кәсіпорынның қызметі толық немесе ішінара жүзеге асырылып отырады.

2. Атап айтқанда, "тұрақты мекеме" терминіне кіретіндер:

а/ басқару орыны;

б/ бөлімше;

с/ кеңсе;

д/ фабрика;

е/ шеберхана және

ф/ шахта, мұнай немесе газ скважинасы, кеніш немесе табиғи ресурстар өндірілетін кез-келген басқа орын.

3. Сондай-ақ "Тұрақты мекеме" терминіне кіретіндер:

а/ егер тек осындай алаң немесе объект 12 айдан астам уақыт бойы тұрса немесе мұндай қызметтер сонша уақыттан астам бойы көрсетілсе, құрылыс алаңы немесе құрылыс, монтаждау не құрастыру объектісі немесе осы жұмыстардың орындалуын

бақылауға байланысты қызметтер; және

б/ Егер тек мұндай пайдалану 12 айдан астам уақыт бойы созылса немесе мұндай қызметтер 12 айдан астам уақыт бойы көрсетілсе, табиғи ресурстарды барлау үшін /exploration/ пайдаланылатын қондырғы немесе құрылғы не осы жұмыстардың орындалуын бақылауға байланысты қызметтер, немесе табиғат ресурстарын барлау үшін пайдаланылатын бұрғылау қондырғысы немесе кеме және

с/ осындай мақсаттар үшін резидент жалдаған қызметкерлер немесе басқа адамдар арқылы резиденттер көрсететін консультациялық қызметтерді алғанда көрсетілетін қызметтер, -бірақ тек мұндай сыйпаттағы қызмет ел шеңберінде 12 айдан астам уақыт бойына созылатын болса ғана./осындай немесе онымен байланысты жоба үшін/.

4. Осы баптың алдындағы ережелеріне қарамастан, "тұрақты мекеме" терминіне кіретін болып есептелмейтіндер:

а/ ғимараттарды тек қана кәсіпорынға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды сақтау, көрсету немесе әкелу мақсаттары үшін пайдалану;

б/ кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек қана сақтау, көрсету немесе әкелу мақсаттары үшін ұстау;

с/ кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек қана өзге кәсіпорынның ұқсату мақсаты үшін ұстау;

d/ Тұрақты қызмет орынын тек қана тауарлар немесе бұйымдар сатып алу мақсаттары үшін немесе кәсіпорынға ақпар жыйнау үшін ұстау;

e/ тұрақты қызмет орынын тек қана кәсіпорын үшін даярлық немесе көмекші сыйпаттағы кез-келген басқа бір қызметті жүзеге асыру үшін ұстау;

f/ Осындай амал нәтижесінде туындаған, тұрақты жұмыс орынының жыйынтық қызметі даярлық немесе көмекші сыйпатта болған жағдайда, тұрақты жұмыс орынын осы тармақтың /а/ тармақшасынан /е/ тармақшасына дейін көрсетілген қызмет түрлерінің кез-келген амалын жүзеге асыру үшін ғана ұстау;

5. Осы тармақтың ережелеріне сай, егер тек мұндай жақтың қызметі тұрақты қызмет орыны арқылы жүзеге асырылғанда да, осы тұрақты қызмет орынын тұрақты мекемеге айналдырмайтын осы баптың 4-тармағында көрсетілген жәймен шектелсе, 1 және 2-тармақтардың ережелеріне қарамастан, 6- тармақ қолданылатын тәуелсіз агенттен өзге жақ кәсіпорын атынан әрекет етсе және Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпорын атынан шарттама жасауға өкілдіктері бар болса және әдетте оларды пайдаланып отырса, онда бұл кәсіпорын осы жақтың кәсіпорын үшін қолданытын кез-келген қызметіне қатысты, осы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар кәсіпорын ретінде қарастырылады.

6. Делдал, комиссионер немесе тәуелсіз мәртебесі бар басқа агент өздерінің кәдімгі қызмет шеңберлерінде әрекет еткен жағдайда, кәсіпо-

рын осы Мемлекетте осы жақтар арқылы кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратындықтан ғана Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар кәсіпорын ретінде қарастырылмайды.

7. Уағдаласушы Мемлекеттің резидент-компаниясының басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидент-компаниясын бақылауы не оның мұны бақылауы немесе компанияның осы басқа Мемлекетте кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру фактісі /не тұрақты мекеме арқылы немесе басқаша жолмен/ өздігінен осы компаниялардың бірін екіншісінің тұрақты мекемесіне айналдыра алмайды.

6-бап.

Қозғалмайтын мүліктен алынатын табыс

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резидентінің басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан қозғалмайтын мүліктен алған табыстарына /ауыл шаруашылығынан немесе орман шаруашылығынан алған табыстарды қосқанда/ осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Қозғалмайтын мүлік" термині қаралып отырған мүлік орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің заңы бойынша алғандағы мағынаға ие болады. Терминге кез-келген жағдайда, қозғалмайтын мүлікке қатысты мүлік, ауыл шаруашылығында және орман шаруашылығында пайдаланылатын мал мен құрал-жабдық, жер меншігіне қатысты жалпы құқық ережелері қолданылатын құқықтар, қозғалмайтын мүлік узуфруктысы және минералдық ресурстарды дайындаудағы әзірлемеге немесе құқыққа өтем ретіндегі айнымалы

немесе тіркелген төлемдер құқығы, табыс көздері және басқа табиғи қазбалар кіреді; теңіз және әуе кемелері қозғалмайтын мүлік ретінде қарастырылмайды.

3. 1- тармақтың ережелері қозғалмайтын мүлікті тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе кез-келген басқа түрде пайдаланудан алынған табыстарға ұолданылады.

4. Сондай-ақ 1 және 3- тармақтардың ережелері кәсіпорынның қозғалмайтын мүлкінен алынатын табыстарға және тәуелсіз жеке қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын қозғалмайтын мүліктен алынатын табыстарға қолданылады.

7- бап.

Кәсіпкерлік

қызметтен алынатын пайда

1. Егер кәсіпорын басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асырмайтын болса немесе жүзеге асырмаса, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны алған пайдаға тек осы Мемлекетте салық салынады.

Егер кәсіпорын жоғарыда айтылғандай, кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын болса немесе жүзеге асырса, онда басқа Мемлекетте кәсіпорынның пайдасына тек, мына бөлігіне:

а/ осындай тұрақты мекемеге;

б/ тұрақты мекеме арқылы сатылатын тауарларға немесе бұйымдарға сәйкес немесе ұқсас та-

уарларды немесе бұйымдарды осы басқа Мемлекетте сатуға; немесе

с/ Осы басқа Мемлекетте сыйпаты жағынан осындай тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметке сәйкес және ұқсас жүзеге асырылатын басқа кәсіпкерлік қызметке қатысты салық салынуы мүмкін.

2. 3-тармақтың ережелерін ескере отырып, егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны басқа Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметін сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын болса немесе жүзеге асырса, онда ол осындай немесе осыған ұқсас жағдайда нақ осындай не осыған ұқсас қызметпен айналысатын дербес және жеке кәсіпорын болғанда және өзі тұрақты мекемесі болып отырған кәсіпорыннан толық тәуелсіз жұмыс істегенде ала алатын пайдасы әрбір Уағдаласушы Мемлекеттегі осы тұрақты мекемеге жатады.

3. Тұрақты мекеменің пайдасын айқындау кезінде, тұрақты мекеме орналасқан Мемлекетте немесе басқа жерде жұмсалғанына қарамастан, басқару және жалпы әкімшілік шығындарын қосқанда, тұрақты мекеме мақсатына кеткен шығыстарды шегеруге жол беріледі.

Патенттерді немесе басқа құқықтарды пайдаланғанына роялти, алым немесе басқа осындай ұқсас төлемдер төлеу жолымен немесе нақты қызметтер жасалғанына комиссиялық төлем жасау жолымен немесе менеджмент үшін немесе тұрақты мекемеге азайтылған қаржы мөлшеріне проценттер төлеу жолымен

оның басты мүлік-жайына немесе басқа мүлік-жайлардың кез-келгеніне төленген қаржы мөлшерін тұрақты мекемеден шегеруге жол берілмейді.

4. Осы тұрақты мекеменің кәсіпорын үшін тауарлар немесе бұйымдар сатып алу негізінде ғана оған қандай да болмасын пайда есептелмейді.

5. Егер Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің құзырлы органының қолындағы немесе оның оңай алуы мүмкін ақпары тұрақты мекеменің пайдасын немесе шығыстарын айқындау үшін жеткілікті болмаса, пайда осы Мемлекеттің салық заңына сәйкес есептелуі мүмкін. Егер салық төлеуші сұрау салып отырған құзырлы органға оның мұндай ақпар сұраған кезінен 91 күн ішінде ақпар тапсырса, осы 5-тармақтың мақсаты үшін ол оңай алынатын ақпар ретінде қаралатын болады.

6. Егер пайдаға осы Конвенцияның басқа баптарында бөлек айтылатын табыс түрі немесе мүлік құнының өсімінен алынатын табыстар кірсе, онда осы баптың ережелері бұл баптың ережелерін қозғамайды.

7. Егер мұндай тәртіпті өзгерту үшін жеткілікті және айқын себептер болмаса, тұрақты мекемеге жататын пайда жыл өткен сайын бірдей тәсілмен айқындалады.

8-бап.

Халықаралық

көлік

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резидентінің халықаралық тасымалдарда теңіз немесе әуе кемелерін, темір жол және автомобиль көлігін пайдаланудан алған табыстарына тек осы Мемлекетте салық салынады.

2. 1-тармақтың ережелері, сондай-ақ пулға, бірлескен кәсіпорынға немесе көлік құралдарын пайдалану жөніндегі халықаралық ұйымға қатысудағы пайдаға қолданылады.

9-бап.

Ассоциацияланған
кәсіпорындар

1. Мына жағдайларда,

а/ Егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорынын басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама қатысқанда; немесе

б/ сол бір ғана жақтар Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорынын және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорынын басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама қатысса;

және екі кәсіпорын арасында, олардың коммерциялық және қаржы қатынастарында, тәуелсіз кәсіпорындар арасындағыдан өзгеше жағдайлар жасалған немесе белгіленген кез-келген жағдайда, олардың біріне есептеуге болатын, бірақ осы жағдайларға байланысты есептелмей қалған кез-келген пайда осы кәсіпорынның пайдасына қосы-

лып, тиістісінше салық салынуы мүмкін.

2. Егер Уағдаласушы Мемлекет басқа Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорынының осы басқа Мемлекетте салық салынатын пайдасын осы Мемлекет кәсіпорынының пайдасына қосса және тиістісінше салық салса және осылай қосылған пайда алғашқы аталған Мемлекеттің кәсіпорынына есептелетіндей пайда болса, егер екі кәсіпорын арасында жасалған жағдай тәуелсіз кәсіпорындар арасындағыдай болған болса, онда осы басқа Мемлекет осы пайдадан алынатын салық мөлшеріне тиісті түзетулер жасауы мүмкін.

10-бап.

Дивидендтер

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резидент-компаниясының басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтеріне осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, осы Мемлекеттің заңына сәйкес дивидендтер төлейтін компания резиденті болып отырған Уағдаласушы Мемлекетте мұндай дивидендтерге салық салынуы мүмкін. Бірақ егер дивиденд алушы дивидендтердің нақты иесі болса, онда осылайша алынатын салық:

а/ егер дивидендтер төлейтін компанияның капиталының ең кемі 20 процентін тікелей немесе жанама иемденетін компания нақты иесі болса, дивидендтердің жалпы мөлшерінің 10 процентінен;

б/ қалған барлық жағдайда дивидендтердің жалпы мөлшерінің 15 процентінен аспайтын болады.

Бұл тармақ компанияның дивидендтер төленетін пайдаға қатысты салық салуын қозғамайды.

3. "Дивидендтер" термині осы бапта пайдаланғанда, пайданы бөлетін компания резиденті болып отырған Уағдаласушы Мемлекеттің салық заңына сәйкес, акциялардан алынатын табыс сияқты, осындай салық реттеуіне жататын борыштық талаптар болмайтын акциялардан немесе басқа құқықтардан алынатын табысты, пайдаға қатысудағы табысты. сондай-ақ басқа корпоративтік құқықтардан алынатын табысты білдіреді.

4. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып отырған дивидендтердің нақты иесі дивидендтер төлейтін компания резиденті болып отырған басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырса немесе осы басқа Мемлекетте өздеріне қатысты дивидендтер төленетін осындағы тұрақты база мен холдингтен тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе, шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, 1 және 2-тармақтың ережелері қолданылмайды. Мұндай кезде жағдайға байланысты, 7-баптың /кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда/ немесе 14-баптың /тәуелсіз жеке қызметтер/ ережелері қолданылады.

5. Егер мұндай дивидендтер осы басқа Мемлекеттің резидентіне төленетінін немесе өзіне қатысты дивидендтер төленетін холдинг шын мәнінде осы басқа Мемлекеттегі тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланыстылығын қоспағанда, осы

басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидент-компаниясы басқа Уағдаласушы Мемлекеттен пайда немесе табыс алса, осы басқа Мемлекет компания төлейтін дивидендтерден кез-келген салық ала алмайды.

6. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып отырған және басқа Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар компанияға осы басқа Мемлекетте пайдадан алынатын салыққа қосымша саклық салынуы мүмкін.

11-бап.

Проценттер

1. Уағдаласушы Мемлекетте туындайтын және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін проценттерге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, сондай-ақ мұндай проценттерге олар туындайтын Уағдаласушы Мемлекетте осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін. Бірақ егер проценттер алушы оның нақты иесі болса, онда осылайша алынатын салық проценттердің жалпы мөлшерінің 10 процентінен аспайтын болады.

3. "Проценттер" термині осы бапта пайдалану кезінде осы бағалы қағаздар, облигациялар немесе борыштық міндеттемелер бойынша алғандағы сыйлықтар мен ұтыстарды қосқанда, кепілмен қамтамасыз етілген немесе етілмеген, қарызгердің пайдасына қатысуға құқық беретін немесе бермейтін борыш талаптарының кез-келген түрінен алынатын табысты, атап айтқанда, үкімет бағалы қағаздарынан алынатын табысты және облигациялардан немесе бо-

рыштық міндеттемелерден алынатын табысты білдіреді. Уақытылы жасалмаған төлемдердің айыппұлы осы баптың мақсаттары үшін проценттер ретінде қарастырылмайды.

4. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті-проценттердің нақты иесі проценттер туындайтын басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырса немесе осы басқа Мемлекетте орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызмет көрсетсе, ал өзіне қатысты проценттер төленетін борыш талабы шын мәнінде осы тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болса, 1 және 2-тармақтың ережелері қолданылмайды. Мұндай кезде, жағдайға байланысты 7-баптың /кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда/ немесе 14-баптың /тәуелсіз жеке қызметтер/ ережелері қолданылады.

5. Егер осы Мемлекеттің өзі, саяси-әкімшілік бөлімшесі, жергілікті өкімет органдары немесе осы Мемлекеттің резиденті процент төлеуші болса, проценттер Уағдаласушы Мемлекетте туындаған деп есептеледі. Алайда, егер проценттер төлейтін жақ Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болу, болмауына қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса, оларға байланысты қарыз пайда болып, ол бойынша проценттер төленетін болса және осы проценттерді осы тұрақты мекеме немесе тұрақты база төлеп отырса, онда мұндай проценттер осы тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Мемлекетте туындаған деп есептеледі.

6. Егер проценттер төлеуші мен оның нақты иесі арасындағы немесе екеуі мен қандай да бір үшінші жақ арасындағы арнайы қатынастардың себебінен борыштық талапқа жататын және соның негізінде төленетін проценттердің жалпы мөлшері осындай қатынастар болмағанда, процент төлеуші мен оның нақты иесі арасында келісіле алатындай мөлшерден асса, онда осы баптың ережелері проценттердің тек соңғы аталған мөлшеріне қoadанылады. Бұл жағдайда осы Конвенцияның басқа ережелерін ескерумен, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңына сәйкес төлемнің артық бөлігі салық салуға жатады.

7. Егер өздеріне қатысты проценттер төленетін, борыш талаптарын жасаумен немесе берумен байланысты кез-келген жақтың негізгі мақсаты немесе негізгі мақсаттарының бірі құқық жасау немесе беру жолымен осы баптан пайда табу болса, осы баптың ережелері қолданылмайды.

8. Егер проценттерді басқа Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметі немесе жергілікті өкімет органы немесе осы Үкіметтің кез-келген басқа агенттігі немесе жергілікті өкімет органдары алса және соларға есептелсе, осы баптың 2-тармағының ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте туындайтын проценттер осы Мемлекетте салық салудан босатылады.

12-бап.

Р о я л т и

1. Уағдаласушы Мемлекетте туындайтын және

басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін роялтиге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, мұндай роялтиге сондай-ақ олар туындайтын Уағдаласушы Мемлекетте осы Мемлекеттің заңына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер роялти алушы және оның нақты иесі басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болса, онда осылайша алынатын салық роялтидің жалпы мөлшерінің 10 процентінен аспауға тиісті.

3. "Роялти" термині осы бапта пайдаланғанда, компьютер бағдарламаларын, кинематографиялық фильмдерді, кез-келген патентті, сауда белгісін, дизайн немесе үлгіні, жоспарды, құпия теңдеуді не процесті немесе өнеркәсіпке, сауда-саттыққа немесе ғылыми тәжірибеге қатысты ақпарат /нох-хау/ және өнеркәсіп, сауда-саттық, ғылыми жабдық алу құқықтарын пайдалану немесе ұсынудағы төлемдерді қосқанда, әдебиет, өнер немесе ғылыми шығармаларға берілетін авторлық құқықтың кез-келгенін пайдаланғанына немесе ұсынғанына сыйақы ретінде алынатын кез-келген төлем түрін білдіреді.

4. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті-роялтидің нақты иесі роялти туындаған басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырса немесе осы басқа Мемлекетте орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және өздеріне қатысты роялти төленетін құқық не мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, 1-тармақтың ережелері

қолданылмайды. Мұндай кезде, жағдайға байланысты, 7-баптың /кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда/ немесе 14-баптың /тәуелсіз жеке қызметтер/ ережелері қолданылады.

5. Егер роялти осы Мемлекетте құқықтарды немесе мүлікті пайдаланғанына немесе пайдалану құқына төленсе, олар Уағдаласушы Мемлекетте туындаған болып есептеледі.

6. Егер роялти төлеуші және оның нақты иесі немесе екеуі мен қандай да бір басқа жақ арасындағы айрықша қатынастардың әсерінен, құқық немесе ақпарды пайдалануға жататын-солардың негізінде төленетін роялтидің мөлшері мұндай қатынастар болмағанда, роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында келісе алатындай мөлшерден асса, онда осы баптың ережелері тек соңғы көрсетілген роялти мөлшеріне қолданылады. Мұндай жағдайда осы, Конвенцияның басқа ережелерін тиістісінше ескерумен, төлемнің артық бөлігі әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңына сәйкес салық салуға жатады.

7. Егер, осыларға қатысты роялти төленетін, осы құқықтарды жасауға немесе беруге байланысты кез-келген жақтың негізгі мақсаты немесе негізгі мақсаттарының бірі осындай құқық жасау немесе беру арқылы осы баптан пайда алу болса, осы баптың ережелері қолданылмайды.

13- бап.

Мүлік құнының өсуінен түсетін табыстар

1. Уағдаласушы Мемлекет резидентінің 6-бапта

айқындалғандай /қозғалмайтын мүліктен алынатын табыстар/ және басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан қозғалмайтын мүлікті шеттетуден алған табыстарына осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің резидентінің мыналарды шеттетуден алған табыстарына:

а/ Олардың құны немесе құнының көп бөлігі Басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан қозғалмайтын мүліктен тікелей немесе жанама алынатын, ресми танылған биржада едәуір және тұрақты негізде саудаланатын акциялардан өзге акцияларға немесе

б/ мүлкі негізінен, басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан қозғалмайтын мүліктен тұратын әріптестік пен трастағы немесе жоғарыда (а)-тармақшасында көрсетілген акциялардан алатын үлестеріне

осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Осындай тұрақты мекемені /жеке немесе барлық кәсіпорындармен тұтас алғанда/ немесе осындай тұрақты базаны шеттетуден алынатын осындай табыстарды қосқанда, Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорынының басқа Уағдаласушы Мемлекеттегі кәсіпорынының тұрақты мекемесінің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын қозғалмалы мүлікті шеттетуден немесе тәуелсіз жеке қызметтер көрсету үшін Уағдаласушы Мемлекеттің басқа Уағдаласушы

Мемлекеттегі резидентінің тұрақты базасына жататын қозғалмалы мүліктен алатын табыстарына осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

4. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті халықаралық тасымалдарда пайдаланылатын теңіз немесе әуе кемелерін, темір жол және автомобиль көлігін немесе осындай әуе не теңіз кемелерін, темір жол және автомобиль көлігін пайдалануға байланысты қозғалмалы мүлікті шеттетуден апынатын табыстарына тек осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салынады.

5. Осы баптың 1,2, және 3-тармақтарында аталатынынан басқа, кез-келген мүлікті шеттетуден алынатын табыстарға, тек резиденті сол мүлікті шеттетуші жақ болып отырған Уағдаласушы Мемлекетте салық салынады.

14 - бап.

Тәуелсіз жеке қызметтепр

1. Егер мұндай қызметтер басқа Уағдаласушы Мемлекетте көрсетілмейтін болса немесе көрсетілмесе, Уағдаласушы Мемлекет резидентінің тәуелсіз сыйпаттағы кәсіптік немесе басқа қызметтеріне қатысты табысына тек осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салынады; және

а/ табыс жеке адамның басқа Мемлекетте тұрақты негізде болып отырған немесе болған тұрақты базасына қатысты болса; немесе

б/ мұндай жеке адам осы басқа Мемлекетте

кейінгі кез-келген.12 айдағы 183 күн шамасынан асатын кезеңде немесе кезеңдерде болып отырса немесе болса,

Мұндай жағдайда, қызметтерге байланысты алынған табыс тұрақты мекемеге байланысты пайда мөлшерін айқындайтын 7-бапта айтылған /кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда/ принциптерге ұқсас принциптерге сәйкес осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Кәсіптік қызметтер" терминіне, атап айтқанда, тәуелсіз ғылыми, әдеби, артистік, білім беру немесе оқытушылық қызметтер, сондай-ақ дәрігерлердің, заң қызметкерлерінің, инженерлердің, сәулетшілердің, тіс дәрігерлерінің және бухгалтерлердің тәуелсіз қызметтері кіреді.

15-бап.

Тәуелді жеке қызметтер

1. Егер жалдау бойынша жұмыс басқа Уағдаласушы Мемлекетте атқарылмаса, 16/Директорлар сыйақысы/, 18/Зейнетақылар/, 19-баптың /Мемлекеттік қызмет/ ережелерін ескерумен, жалдау бойынша жұмысқа байланысты Уағдаласушы Мемлекеттің резидентінің алған ырзығына, жалақысы мен басқа да осындай сыйақыларына тек осы Мемлекетте салық свлынады. Егер жалдау бойынша жұмыс осылайша атқарылып жатса, осыған байланысты алынған мұндай сыйақыға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Егер а/ сыйақы алушы кез-келген үздіксіз

12 ай кезең
шеңберінде жалпы алғанда 183 күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер бойы осы басқа Мемлекетте болса; және

б/ сыйақыны жалдаушы төлесе немесе ол басқа Мемлекеттің резиденті емес жалдаушы атынан төленсе; және

с/ жалдаушының басқа Мемлекеттегі тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы сыйақы төлемесе,

1-тармақтың ережелеріне қарамастан, басқа Уағдаласушы Мемлекетте атқарылатын жалдау бойынша жұмысқа байланысты Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған сыйақыға тек алғашқы аталған Мемлекетте салық салынады.

3. Осы баптың алдындағы ережелерге қарамастан, халықаралық тасымалда пайдаланылатын теңіз немесе әуе кемесінде, теміржол және автомобиль клігінде атқарылатын жалдау бойынша жұмысқа қатысты алынған сыйақыға осы теңіз немесе әуе кемесін, теміржол және автомобиль көлігін пайдаланушы кәсіпорын резиденті болып отырған Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

16-бап.

Директорлар сыйақысы

Басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидент-компаниясының директорлар кеңесінің немесе осыған ұқсас органының мүшесі ретінде Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған директор сыйақысына және

басқа осындай төлемдерге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

17-бап.

Артистер және спортшылар

1. 14 /Тәуелсіз жеке қызметтер/ және 15-баптардың /Тәуелді жеке қызметтер/ ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекет резидентінің театр, кино, радио немесе теледидар артисі, не сазгер сияқты, өнер қызметкері немесе спортшы ретінде оның басқа Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асыратын жеке қызметінен алған табысына осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Егер өнер қызметкері немесе спортшының осы тұрғыда жүзеге асыратын жеке қызметіне қатысты табысы осы өнер қызметкеріне немесе спортшыға емес, басқа жаққа есептелсе, онда осы табысқа, осы Конвенцияның 7/Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда/, 14 /Тәуелсіз жеке қызметтер/ және 15-бабының /Тәуелді жеке қызметтер/ ережелеріне қарамастан, осы өнер қызметкері немесе спортшы қызметін жүзеге асыратын Уағдаласушы Мемлекетте салық салынады.

3. Егер бұл қызмет сол немесе басқа Мемлекеттің қоғамдық қорлары есебінен қаржыландырылса немесе бұл қызмет Уағдаласушы Мемлекеттер арасында жасалған мәдени ынтымақтастық туралы келісім негізінде атқарылса, 1 және 2-тармақтардың ережелеріне қарамастан, осы бапта көрсетілген табыс артистің немесе спортшының қызметі атқарылатын Уағдаласушы Мемлекетте салық салудан босатылатын

болады.

18- бап.

Зейнетақы және басқа төлемдер

1. 19-бабтың 2- тармағының ережелеріне сәйкес /Мемлекеттік қызмет/ Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне бұрын жүзеге асырған жұмысына төленетін зейнетақылар мен басқа да осындай сыйақыларға және мұндай резидентке төленетін кез-келген аннуитетке тек осы Мемлекетте салық салынады.

2. "Аннуитет" термині осындай төлемдерді ақшаға бара-бар және толық сыйақылардың орнына немесе ақшалай түрінде төлеу міндеттемесімен жеке адамға оның бүкіл өмір бойында белгіленген немесе уақыттың бір айқындалған не белгіленген кезеңінде мезгіл-мезгіл төленетін белгіленген қаражат мөлшерін білдіреді.

3. Уағдаласушы Мемлекетте туындайтын және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін алименттерге және басқа осыған ұқсас төлемдерге/балаларды күтуге берілетін төлемдерді қосқанда/ тек осы басқа Мемлекетте салық салынады.

19-бап.

Мемлекеттік қызмет

1. а/ Уағдаласушы Мемлекеттің немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесі не жергілікті өкімет органдарының осы Мемлекетке немесе сая-

си-әкімшілік бөлімшесіне не жергілікті өкімет органына көрсетілетін қызметке қатысты кез-келген жеке адамға төленетін зейнетақыдан өзге сыйақысына тек осы Мемлекетте салық салынады.

б/ Алайда, егер қызмет осы Мемлекетте жүзеге асырылса, және осы Мемлекеттің резиденті болып отырған жеке адам:

I/ осы Мемлекеттің азаматы болса;

II/ осындай қызметті жүзеге асыру мақсаты үшін ғана осы Мемлекеттің резиденті болмайтын болса,

мұндай сыйақыға тек басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынады.

2. а/ Уағдаласушы Мемлекет немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесі не жергілікті өкімет органдарынан немесе олар құрған қорлардан осы Мемлекет немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесі не жергілікті өкімет органы үшін жүзеге асыратын қызметіне жеке адамға төленетін кез-келген зейнетақыға тек осы Мемлекетте салық салынады.

б/ Алайда, егер жеке адам осы Мемлекеттің резиденті және азаматы болса, мұндай зейнетақыға тек басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынады.

3. 15/Тәуелді жеке қызметтер/, 16/Директорлар сыйақысы/ және 18-баптардың ережелері/Зейнетақы және басқа төлемдер/ Уағдаласушы Мемлекеттің немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесінің не

жергілікті өкімет органының кәсіпкерлікке байланысты жүзеге асырылатын қызметке қатысты сыйақылар мен зейнетақыларға қолданылады.

20-бап.

Студенттер, еңбек жолынан өтушілер,
оқытушылар және зерттеушілер

1. Өзінің басқа Уағдаласушы Мемлекетке сапарының басында Уағдаласушы Мемлекеттің резидент-жеке адамы және мына негізгі мақсаттармен:

а/ осы басқа Мемлекеттегі Университетте немесе басқа белгілі оқу орнында оқумен;

б/мамандығын немесе біліктілігін арттыру жөніндегі жұмыс үшін қажетті еңбек жолынан өтумен; немесе

с/ үкімет, діни, қайырымдылық, ғылыми, әдеби немесе білім беру ұйымдарынан стипендия, жәрдемақы немесе басқа осындай төлемдер алушылар ретінде оқу немесе зерттеулер жүргізумен осы басқа Мемлекетте уақытша жүрген жеке адам;

оның тұру, білім алу, оқу, зерттеулер жүргізу немесе тәжірибеден өту мақсаттары үшін шетелден алынған төлемдерге қатысты, сондай-ақ стипендияларға, жәрдемақыларға немесе басқа осындай төлемдерге қатысты осы басқа Мемлекетте салықтан босатылады.

2.1-тармақта көзделген жеңілдік, әдетте, тек оқуды, еңбек жолынан өтуді немесе зерттеулерді

аяқтау үшін қажетті уақыт кезеңінде қолданылады; бұл ретте еңбек жолынан өтуге немесе зерттеулерге қатысты жеңілдік бес жылдан аспайтын болады.

3. Егер осы жақтың болу кезеңі оның осы мақсаттар үшін алғашқы келген күнінен есептегенде екі жылдан аспаса, басқа Уағдаласушы Мемлекетте тұрғылықты жері бар немесе тікелей осы сапар алдында тұрғылықты жері болған, университетте, жоғары және орта мектепте немесе өзге ағарту мекемесінде оқытушылық немесе зерттеу жүргізу мақсаттарымен Уағдаласушы Мемлекетте уақытша болатын жеке адам оқытушылық немесе зерттеу жұмыстарын жүргізгені үшін сыйақылар жөнінде алғашқы аталған Уағдаласушы Мемлекетте салық салудан босатылатын болады.

4. Егер мұндай зерттеулер қоғамдық мүддеге емес, ең бастысы, кейбір жеке жақтың немесе жақтардың жеке пайдасы үшін жүргізілсе, бұл бап зерттеу қызметінен алынатын табыстарға қолданылмайды.

21-бап.

Басқа табыстар

1. Осы Конвенцияның осыған дейінгі баптарында қаралмаған, Уағдаласушы Мемлекет резидентінің басқа Уағдаласушы Мемлекетте туындайтын табысының баптарына осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

22- бап.

Капитал

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне тиесілі және басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан, 6-бапта аталған /қозғалмайтын мүліктен алынатын табыс/ қозғалмайтын мүліктің капиталына осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорынының басқа Уағдаласушы Мемлекеттегі кәсіпорынының кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын қозғалмалы мүліктен немесе жеке тәуелсіз қызметтер көрсету үшін Уағдаласушы Мемлекет резидентінің басқа Уағдаласушы Мемлекетте ұстайтын тұрақты базасына жататын қозғалмалы мүліктің капиталына осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Уағдаласушы Мемлекет резидентінің меншігіндегі және халықаралық тасымалдарда пайдаланылатын теңіз және әуе кемесінің, темір жол және автомобиль көлігінің және мұндай теңіз, әуе кемелерін, темір жол және автомобиль көлігін пайдалануға байланысты қозғалмалы мүліктің капиталына тек осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салынады.

4. Уағдаласушы Мемлекет резиденті капиталының барлық басқа элементтеріне тек осы Мемлекетте салық салынады.

23-бап.

Қосарланған салық салуды жою

1. Егер бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сай басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін табыс

алса немесе капиталды иемденсе, алғашқы аталған Мемлекет:

а/ осы резиденттің табысынан алынатын салықтан осы басқа Мемлекетте төленген табыс салығына тең мөлшерін шегеруге;

б/ осы резиденттің капиталынан алынатын салықтан осы басқа Мемлекетте төленген капиталдан алынатын салыққа тең мөлшерін шегеруге мүмкіндік береді.

Бұл шегерулер кез-келген жағдайда, осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін табысқа немесе капиталға жататын және шегеру берілгенге дейін есептелген, табыстан немесе капиталдан алынатын салықтың бір бөлігінен аспауға тиісті.

2. Егер бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сай тек басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынатын табыс алса немесе капиталды иемденсе, алғашқы Уағдаласушы Мемлекет осы табысты немесе капиталды салық салу объектісіне енгізуі мүмкін, -бірақ, тек, алғашқы Уағдаласушы Мемлекетте салық салуға ұшырайтын ретіндегі осындай басқа табыстан немесе капиталдан алынатын салық ставкасын белгілеу мақсаты үшін.

24-бап.

Кемсітпеу

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің ұлттық жақтары осындай жағдайларда, осы басқа Мемлекеттің ұлттық

жақтары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға және соған байланысты міндеттемеге қарағанда, өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты болып келетін кез-келген салық салуға немесе соған байланысты міндеттемеге басқа Уағдаласушы Мемлекетте ұшырамайтын болады. Сондай-ақ бұл ереже, 1-баптың ережелеріне қарамастан/Конвенция қолданылатын жақтар/, Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де резиденті емес жақтарға қолданылады.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттері-азаматтық мәртебе алмаған адамдар осындай жағдайларда Мемлекеттердің ұлттық жақтары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға және онымен байланысты міндеттемеге қарағанда анағұрлым ауыртпалықты, кез-келген салық салуға немесе өзгеше не оған байланысты кез-келген міндеттемеге Уағдаласушы Мемлекеттердің ешқайсысында ұшырамауға тиісті.

3. Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорынының басқа Уағдаласушы Мемлекеттегі тұрақты мекемесіне салынатын салық осындай қызметті жүзеге асырушы осы басқа Мемлекеттің кәсіпорынына салынатын салыққа қарағанда, осы басқа Мемлекетте қолайсыздау болмауға тиісті.

4. Осы Конвенцияның 9-бабы 1-тармағының, /Ассоциацияланған кәсіпорындар/, 11-бабы 6-тармағының /Проценттер/, 12-бабы 6-тармағының /Роялти/ ережелері қолданылатын жағдайлардан басқа, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін проценттер, роялти және басқа төлемдер осындай кәсіпорынның

салық салынатын пайдасын айқындау мақсатымен олар алғашқы аталған Мемлекеттің резидентіне төленгендегі сияқты жағдайларда шегеруге жатады.

5. Капиталдары басқа Уағдаласушы Мемлекеттің бір немесе бірнеше резиденттеріне толық не ішінара қарайтын немесе олар оны тікелей не жанама бақылайтын Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорындары алғашқы аталған Мемлекеттің басқа осындай кәсіпорындары ұшырайтын және ұшырауы мүмкін салық салуға және оған байланысты міндеттемелерге қарағанда өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты болатын кез-келген салық салуға немесе оған байланысты кез-келген міндеттемелерге алғашқы аталған Мемлекетте ұшырамауға тиісті.

6. Осы баптың мазмұнынан ешбір сөз әрбір Уағдаласушы Мемлекетті оның резиденттеріне берілетін салық салу мақсаттары үшін қандай да болмасын жеке жеңілдіктерді, салықтан босатуды және кемітулерді басқа Уағдаласушы Мемлекеттердің резиденттеріне беруде әрбір Уағдаласушы Мемлекетті міндетті ету ретінде түсіндірілмейді.

7. 2-баптың ережелеріне қарамастан /Конвенция қолданылатын салықтар/ осы баптың ережелері кез-келген салық тегі мен түрлеріне қолданылады.

25-бап.

Өзара келісу рәсімі

1. Егер жақ Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де іс-қыймылдары осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық са-

луға әкеледі деп есептесе, ол осы Мемлекеттердің ішкі заңдарымен көзделген қорғану құралдарына қарамастан, өз ісін өзі резиденті болып отырған Уағдаласушы Мемлекеттің немесе егер оның жағдайы 24-баптың 1-тармағына сай келсе, өзі ұлттық жағы болып отырған сол Уағдаласушы Мемлекеттің құзырлы органдарының қарауына беруі мүмкін. Арыз Конвенцияның ережелеріне сәйкес емес салық салуға әкелетін іс-қыймылдар туралы алғашқы хабар тиген сәттен үш жыл ішінде берілуге тиісті.

2. Құзырлы орган егер қойылған талаптың негізі бар деп тапса және ол өзі қанағаттанарлық шешімге келе алмаса, Конвенцияға сәйкес келмейтін салық салуды болдырмау мақсатымен, мәселені басқа Уағдаласушы Мемлекеттің құзырлы органымен өзара келісу бойынша шешуге ұмтылады. Қол жеткен кез-келген уағдаластық Уағдаласушы Мемлекеттердің ішкі заңдарындағы қандай да болмасын уақытша шектеулерге қарамастан орындалуға тиісті.

3. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары осының алдындағы тармақтарды келісіп, түсінісуге жету мақсаттарында бір-бірімен тікелей қатынас жасауы мүмкін. Егер келісімге жету үшін ауызша пікір алуды ұйымдастыру дұрыс болса, мұндай пікір алысу Уағдаласушы Мемлекеттер құзырлы органдарының өкілдерінен тұратын комиссия мәжілісінің шеңберінде болуы мүмкін.

26-бап.

Ақпарат алысу

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы орган-

дары салық салу Конвенцияға қайшы келмейтіндей дәрежеде, Конвенция қолданылатын салықтарға қатысты, осы Конвенцияның ережелрін немесе Уағдаласушы Мемлекеттердің ішкі заңдарын орындау үшін қажетті ақпар алысады. Ақпар алысу 1-бабпен шектелмейді. Уағдаласушы Мемлекет алатын кез-келген ақпар осы Мемлекеттің ішкі заңдары шеңберінде алынған ақпар сияқты құпия болып есептеледі және тек Конвенция қолданылатын салықтарға қатысты, шағымдарды қарау тұрғысында баға берумен немесе жыйнаумен, мәжбүр етіп өндіріп алумен, сотпен қараумен шұғылданушы жақтарға немесе органдарға /сот және әкімшілік органдарын қоса алғанда/хабарланады. Мұндай жақтар немесе органдар ақпарды тек осындай мақсаттар үшін пайдаланады. Олар бұл ақпарды ашық сот мәжілісінде немесе сот шешімдерін қабылдау кезінде ашуы мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері ешбір жағдайда Уағдаласушы Мемлекеттерге:

а/ осы немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің заң және әкімшілік іс-тәжірибесіне қайшы әкімшілік шаралар жүргізуде:

б/ осы немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің заңы немесе кәдімгі әкімшілік іс-тәжірибесі бойынша алына алмайтын ақпар беруде;

с/ қандай да болмасын сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, сауда-саттық немесе кәсіптік құпияны не сауда процесін ашатын ақпар, не мемлекеттік саясатқа қайшы келетіндей ақпар ашып көрсетуде міндеттеме жүктейтіндей тұрғыда түсіндірілмеуге

тиісті.

27-бап.

Дипломатиялық өкілдіктердің қызметкерлері
және консулдық мекемелердің
қызметкерлері

Осы Конвенциядағы ешбір ережесі халықаралық құқықтың жалпы нормаларымен немесе арнайы келісімдердің ережелеріне сәйкес ұсынылған дипломатиялық өкілдіктер қызметкерлерінің және консулдық қызметшілердің немесе консулдық мекемелер қызметкерлерінің салық жеңілдіктерін қозғамайды.

28-бап.

Күшіне енуі

Әрбір Уағдаласушы Мемлекет рәсімнің ішкі заңына сәйкес талап етілетін осы Келісімді күшіне енгізудің аяқталғаны туралы дипломатиялық жолдар арқылы бір-біріне хабар береді. Бұл Келісім осындай соңғы хабар болған күні күшіне енеді және содан;

(i). Конвенция күшіне енген айдан кейінгі екінші айдың бірінші күнінен не одан кейін төленетін немесе төлеуге тиесілі мөлшері бойынша дивидендтердің, проценттердің, немесе роялтидің көздерінен алынатын салықтарға қатысты;

(ii) Конвенция күшіне енген жылдан кейінгі жылдың 1-қаңтарынан немесе одан кейін басталатын салық салынатын кезеңдерге басқа салықтарға

қатысты өз күшінде болады.

29-бап.

Күшін тоқтату

1. Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттердің бірі оның күшін тоқтатқанға дейін күшінде болады. Уағдаласушы Мемлекеттердің әрқайсысы Конвенция күшіне кірген кезден 5 жыл өтісімен бір жылдан кейін Конвенцияның күшін тоқтатуы мүмкін. Қайткенде де, олар кез-келген календарьлық жыл аяқталғанға дейін алты ай бұрын Конвенцияның күшін тоқтататындығы туралы дипломатиялық жолдар арқылы жазбаша хабар береді. Мұндай жағдайда Конвенция:


(1) алты ай кезең өткен кезден кейінгі жылдың 1-қаңтарынан немесе одан кейін төленетін немесе төлеуге тиесілі мөлшер бойынша, көздерінен ұсталатын салықтарға қатысты; және

(ii) алты ай кезең өткен кезден кейінгі жылдың 1-қаңтарынан немесе одан кейін басталатын салық салынатын кезеңдегі басқа салықтарға қатысты өз күшін тоқтатады.

Өз Үкіметтерінен тиісті түрде өкілдік алғандар осыны куәландыру ретінде осы Конвенцияға қол қойды.

1994 жылғы 21.09 айының _____ поляк, қазақ,
және орыс тілдерінде жасалды және барлық текс-
тердің күші бірдей. Текстерде алшақтық болған
жағдайда, орыс тілі-негізгісі болады.

ПОЛЬША РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІ ҮШІН



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІ ҮШІН

